

Сағынбек М.¹, Арзыкулов А.А.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: 1103marjan@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: ajkenamanjol@mail.ru

ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚХР-ДЫҢ ЖАҢА ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРНЫ

Мақалада авторлар жаңа замандағы Қытай мәдениетінің алатын орнын, оның бүгінгі Қытай қоғамындағы ерекшелігі мен келешегі туралы қарастырады. 2017 жылдың қараша айында өткен Қытай коммунистік партиясының XIX құрылтайы кезінде де бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің мәлімдеуінше, Қытай тек экономикалық қуаттылық жағынан ғана емес, сонымен қатар мәдениет саласы бойынша да жаңа державаға айналуы тиіс. Қытай мәдениетінің қытайлық «жұмсақ күш» саясатында үлкен рөл атқаратынын ескерсек, бұл салаға қытай басшылығының ерекше көңіл бөліп, айрықша назарда ұстайтыны даусыз. ҚХР билігінің бесінші буыны бағдар етіп отырған «Қытайлық арман» тұжырымдамасының жүзеге асуына қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениеттің қосар үлесі орасан екені айтпаса да түсінікті.

Түйін сөздер: дәстүрлі мәдениет, модернизация, қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениет, Конфуций институттары, «қытайлық арман».

Sagynbek M.¹, Arzykulov A.A.²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: 1103marjan@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: ajkenamanjol@mail.ru

Role of the Chinese culture in modern development of the People's Republic of China

In article authors consider the place of modern Chinese culture, her feature in modern Chinese society and her prospects of development. This question was also considered during XIX of the National Congress of the Communist Party of China. According to the statement of the Chinese President Xi Jinping, China has to become not only the economic, but also cultural new power. If to consider the fact that the Chinese culture plays a large role in carrying out the Chinese policy of "soft power" it is possible to tell confidence that the Chinese leaders will pay much attention on this branch.

Key words: traditional culture, modernization, socialist culture with the Chinese specifics, Confucius's institutes, «the Chinese dream».

Сағынбек М.¹, Арзыкулов А.А.²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: 1103marjan@gmail.com

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ajkenamanjol@mail.ru

Роль китайской культуры в современном развитии КНР

В статье авторы рассматривают место современной китайской культуры, ее особенности в современном китайском обществе и ее перспективы развития. Этот вопрос также рассматривался во время проведения XIX съезда КПК. По заявлению председателя КНР Си Цзинпина, Китай должен стать не только экономической, но и культурной новой державой. Если учитывать тот факт, что китайская культура играет большую роль в проведении китайской политики «мягкой силы», можно уверенностью сказать, что китайские руководители будут уделять большое внимание на данную отрасль.

Ключевые слова: традиционная культура, модернизация, социалистическая культура с китайской спецификой, институты Конфуция, «китайская мечта».

Кіріспе

Қытай – адамзат өркениетінің ең көне ошақтарының бірі және ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлері бар, тарихи тамыры тереңнен бастау алатын ел. Бүгінде байырғы мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сақтай отырып, Қытай осы қазіргі кезеңге тән заманауи үрдіспен де дамып келеді. Қытайда болған адам ол жерден ежелгі өркениеттің үлгілерімен қатар, модернизацияның да өзіндік таңбасын байқай алады. Бес мың жылдан астам тарихы бар Қытай елі мәдени құндылықтарымен де адамзаттың назарын еріксіз өзіне аударып отыр. Қытай өркениетінің озық үлгілерін материалдық және жазба мәдениет ескерткіштері түрінде кездестіруге болады. Жазба ескерткіштері жағынан Қытай өркениеті әлемдегі ең бай елдер қатарына жатады (Алдабек, 2011: 3). Осындай бай мазмұнды Қытай мәдениетінің бүгінге дейін жетуі оңай болған жоқ, көптеген қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткізді, 1949 жылы Қытай Халық Республикасы (ҚХР) құрылғаннан кейінгі тарихқа көз салар болсақ, 1966-1976 жылдар Қытай мәдениетінің шектеуге ұшыраған тоқырау кезеңі болып саналады. «Үлкен секіріс» секілді шаруашылық реформасы және «Мәдени революция» сынды саяси науқандардың толассыз қайталануы, Қытай экономикасын бұрынғы жеткен жетістіктерінен айырды. Осы кездегі шаруашылық саласына келген тоқырау, білім мен ғылым, мәдениет пен өнер салаларын да шарпыды (2). Тек мемлекет ішіндегі аласапыран тоқтаған 1976 жылдан бастап, нақтырақ айтсақ 1978 жылы желтоқсанда ашылған Қытай коммунистік партиясының 11-шақырылымының 3-пленумынан кейін ғана Қытай мәдениетінің әрбір саласы еркін, толыққанды даму мүмкіндігіне ие бола алды, мәдениет саласы қайта жандана бастады.

Негізгі бөлім

1979 жылы қазан айында ашылған VI кезекті мәдениет өкілдер жиналысы қытай мәдениетінің қарқынды дамуына түпкілікті рөл атқарды, әсіресе Дэн Сяопин жолдастың құттықтау сөзі мәдениет саласында да идеяны азат етіп, реформа жасауға үндеді. Осы реткі жиналыстан кейін мемлекеттің мәдениет саясатында үлкен бетбұрыс орын алды, «жоғары дәрежелі, бай мазмұнды мәдени тұрмысты дамыту және социализм рухани өркениетін құру» бағыты жолға қойылды. Дэн Сяопин нарықтық реформалар мен «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» құрудың бастамашысы болды, алайда оның қытай

қоғамындағы баюға шақырған үндеуінің нәтижесінде заңдар мен адамгершілік арасына сызат түсті. Мысалы, 1995 жылы ақпанда «Чжунго вэньхуа бао» газетінде, көпшіліктің ашықтық пен нарық жағдайында мораль аясындағы жағымсыз құбылыстарды, жемқорлықтың кең етек алуын және сол сияқтыларды батыстық мәдениеттің енуімен және дәстүрлі этникалық түсініктердің құлдырауымен байланыстыратыны жайлы айтылады. Осылайша жаңа ағым пайда болды, мақсаты – дәстүрлі мәдениетті жандандыру және ұлттық рухты көтеру. Оның ережелері ата-бабаларды ұмытпауды, адамдардың моральдық және әлеуметтік келбетін жетілдіруді талап етеді.

XX ғасырдың 90-жылдары «сяокан» қоғамын құру туралы ұран тасталды, ол дәстүрлі конфуцийшілдік мәдениеттің түсінігі болып табылады. Ғалымдар оған мынадай түсінік береді: «...берік, этикалық айқындалған әлеуметтік тәртіпке сүйенетін, орташа қоғамдық дәулетке» жету. XX ғасырдың соңында ҚХР саясатының айрықшылығын жаңа ұлттық мәдениет құрумен байланысты «И во вэй чжу вэй во со юн» («өзіндікі – басты, өз игілігің үшін пайдалан») ұстанымы білдірді.

2000 жылы Цзянь Цзэминь «мемлекетті мораль көмегімен басқару» (и дэ чжи го) ұранын көтерді, кейіннен ол талай рет «социалистік идеологиялық және моральдық құрылысты күшейту» туралы атап өтті. 2001 жылы қыркүйекте ҚКП Орталық комитеті «Азаматтық этиканы құру бағдарламасын» шығарды, онда қоғамда насихаттауға қажетті басты моральдық қағидаттар тұжырымдалған.

ҚКП-ның он алтыншы шақырылымының 6-пленумында және XVII съезде үйлесімді социалистік қоғамның мәдениетін қалыптастыру мақсаты қойылды. Бұл мақсатты алға қою «марксизмді қытайландырудың» маңызды нәтижесі, «марксизмнің идеялық ұстанымы болып табылатын реалистік қарастыруды қытайлық дәстүрлі мәдениетпен органикалық сәйкестендірудің өнімі» екендігі атап өтілді.

Бұл жаңа тарихи жағдай ҚКП-ның мәдениеттің даму заңдылықтарына деген терең түсінігін, халық бұқарасының мәдениетке деген сұранысының жоғары екендігін көрсетеді (Цай Ву, 2009: 38). ҚКП-ның XV құрылтайында социалистік жаңғыруда дамыған экономикамен бірге дамыған мәдениетке ие болу керектігі атап көрсетілді. «Үшке өкілдік ету» маңызды идеясы мәдениет құрлысының орны мен ролін жалпы беттік көтерді. 2011 жылдың қазан айында өткен ҚКП ОК XVII шақырылымының VI-плену-

мында «алып мәдениетті мемлекет» құру стратегиясын қабылдады.

«Алып мәдениетті мемлекет» құру контексінде халықаралық аренада қытай мәдениетінің ықпалын арттыруды, халықаралық мәдени байланыстарды тереңдету және басқа мемлекеттердің озық мәдениетін жан-жақты саралап, өзіне сіңіру саясатын ұстанды. Сол кездегі ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Цзян Цзэмин ұсынған «прогрессивті мәдениет» бағытын «шетелге шығу» стратегиясымен бірлестіріп жүзеге асыруды Конфуций институты жүйесі арқылы атқарып келеді. Нақтылап айтқанда, «шетелге шығу» стратегиясы арқылы Қытай сыртқы әлеммен экономикалық және мәдени ынтымақтастығын жан-жақты дамытуда. Қазіргі таңда әлемнің 134 елінде Конфуций институттары белсенді түрде қытай тілі мен мәдениетін оқытумен шұғылдануда. Олардың білім беру жұмысы Қытайдың сыртқы саясатын атқарумен байланыстырылған. Қытай мен Конфуций институттары орналасқан елдердің арасындағы білім беру және мәдениет алмасу саласындағы ынтымақтастық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға, тіпті екі ел кәсіпорындары арасында байланыстарға дәнекер болу миссиясын да қоса атқарып, Қытай жөнінде жағымды көзқарастар қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді. Олар мәдени дипломатияны дамытып, Қытайдың ұлы державалық позициясын нығайтуға үлес қосуда. Сондықтан Қытай үкіметі Конфуций институттары мен Конфуций сыныптарын көптеп ашуды тиімді жалғастырып келеді. Қазірдің өзінде Конфуций институттары мен сыныптарының жалпы саны 1500-ге жетіп, басқа мемлекеттердің тіл оқыту институттарын саны жағынан артта қалдырды (Керімбаев, 2017: 59). Сондықтанда Қытай мәдениетінің әлемге таралуы Қытай рухын, Қытай құндылығын, Қытай қуатын анағұрлым ойдағыдай сомдауында жетекші күшке ие.

Елдің сан ғасырлық тарихы бойында Қытай басшылары мәдениеттің мемлекет басқарудағы рөлі мен орнына айрықша көңіл бөліп келді. Бұл ішкі саясатта, сондай-ақ сыртқы саясатта да көрініс тауып келді. 2012 жылы қарашада ҚКП-ның XVIII съезінде басшылығына Си Цзиньпин сайланған ҚХР жетекшілерінің «бесінші буыны» да осы сара жолды, салиқалы саясатты ұстанып отыр. Қытайды басқару коллегиялық орган – ҚКП ОК Саяси бюросының Тұрақты комитетімен жүргізілетіні белгілі, ол бүгінде 7 мүшеден тұрады, олардың әрқайсысы елді басқарудың тиісінше секторына жетекшілік етеді. ҚКП ОК аппаратында Рухани өркениетті нығайту

саласындағы әрекеттерді басқару бойынша Орталық комиссия жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Қытайдың жаңа рухани мәдениетін құру мәселелері бойынша басты құжат – 2011 жылы қазанда ҚКП ОК XVII шақырылымының арнайы пленумының шешімдері болып табылады, ол ҚКП ОК ұйғарымымен «Мәдениет жүйесінің реформаларын тереңдету, социалистік мәдениеттің дамуы мен гүлденуін ілгерілетуге қатысты кейбір маңызды мәселелер туралы» деп аталды. Осы пленумның ҚХР мен ҚКП тарихында мәдениет мәселесі алғаш рет осындай жоғарғы деңгейде қарастырылған шара болғандығын атап өтуіміз қажет. Пленум жұмысында модернизацияға, бейбітшілік пен келешекке бағдарланған, қытай азаматтарының ұлттық мәдениетке деген түсінушілігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған социалистік мәдениеттің дамуына барынша күш салу қажеттігі атап өтілді. Мәдениет елдің қазіргі әлемдегі жан-жақты бәсекеге қабілеттілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Алайда елдің мәдени қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті барған сайын қиын да күрделі болып бара жатыр.

Пленумда сондай-ақ мемлекеттің мәдени «жұмсақ күшін» нығайту мен халықаралық аренада қытай мәдениетінің ықпалын көтерудің өзектілігі туралы да айтылды. Бұл жерде елдің тек халықтың материалдық сұраныстарын қанағаттандырып қана қоймай, сонымен бірге оны бай және саламатты мәдени өмірге бөлеу керектігі атап өтілді. Мәдениет өндірісінің дамуы халықтың саналуан рухани және мәдени сұраныстарын қанағаттандырудың маңызды өзегі болып табылады. Қытай басшылығы мәдениет өндірісінің дамуы және мәдени-өндірістік жүйенің қалыптасуында «секіріс» жасауға септігін тигізуі қажет.

ҚКП ОК пленумы қабылдаған Қарарда: «үлкен даму, үлкен өзгерістер мен үлкен реттестірулер кезеңіндегі қазіргі әлемде, көпполярлықтың дамуы, экономикалық жаһандасудың тереңдеуі, ғылым мен техниканың қарқынды өзгеруі, әртүрлі мәдениеттер мен идеологиялардың өзара әрекеттесуі мен өзара баюы жағдайында, мемлекеттің біртұтас қуаты үшін бәсекелестік күресте мәдениеттің рөлі мен орны едәуір елеулі бола түседі, мемлекеттің мәдени қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті едәуір күшейеді; мемлекеттің мәдени «жұмсақ күшінің» артуы, әлемдегі қытай мәдениетінің ықпалын күшейту елеулі өзектілікке ие болады. Құжатта ҚКП ОК-нің мәдениет мәселесіне көңіл бөлуінің сегіз себебі нақты көрсетілген, олар:

1. Кейбір мекемелер мен аудандарда мәдениет құрылысының маңыздылығына, қажеттілігіне және өзектілігіне қатысты толықтай түсінушілік жетіспейді, мәдениеттің бүкіл ұлттың өркениеттік сапасын арттырудағы стимулятор ретіндегі рөлін күшейту талап етіледі.

2. Кейбір салаларда моральдық азғындық, шынайылықтың жоқтығы байқалады, қоғамның кейбір мүшелерінің өмірге және құндылық бағыттарға көзқарастары шатысып кеткен; жан-жүрегі социализм болып табылатын құндылықтар жүйесі жетекші идеологиялық ағым ретінде барынша өзекті бола түсті; партия мен елдің бүкіл ұлттарының бірлігі үшін күрестегі жалпы идеология мен моральды күшейту міндеті қиындай түсті.

3. Қоғамдық пікірді басқару әлеуеті арттыруды талап етеді, ақпараттық жүйелер құрылысы мен оларды басқару нығайту мен реформалауды қажет етеді.

4. Талғампаз өнімнің ықпалы бар күш жеткіліксіз, мәдени өнімдерді шығармашылық өндіру бойынша басқарушы күштер нығайтуды керек етеді.

5. Жалпылық мәдениетке қызмет көрсету жүйесі жетілмеген, қала және ауылдық жерлердегі, сондай-ақ елдің әртүрлі аудандарындағы мәдениеттің дамуы біркелкі емес.

6. Мәдениет өндірісінің көлемі балар-болмас, құрылымы ұтымсыз, мәдениеттің өндіргіш күштерінің дамуын тежеу мәселесі әлі де шешілмеген.

7. «Сыртқа шығуда» мәдениет өте әлсіз, қытай мәдениетінің халықаралық ықпал күші бірте-бірте күшейтуді қажет етеді.

8. Мәдениет саласындағы мамандар шоғырын құруды жедел нығайту қажет.

Осыған қарай отырып және «стратегиялық сараптау және мәдениет реформасына бірте-бірте дайындалу» міндетін қоя отырып, ҚКП ОК бұл реформа келесі мақсаттар үшін қажет деп айқындады:

- ҚКП XVII съезінің рухын өмірге жан-жақты енгізу, социалистік мәдениеттің ұлы дамуы мен ұлы гүлденуіне түрткі болу;

- дамудың ғылыми тұғырнамасын өмірге тереңдей енгізу, «12-ші бесжылдық» мақсаттарын жүзеге асыру, сяокан қоғамын жан-жақты құру үдерісін жеделдету;

- күн санап күрделеніп келе жатқан мемлекеттердің бәсекелестігінде жеңімпаз болып шығу үшін, мемлекеттің «жұмсақ күшінің» мәдени құрамын арттыру;

- қазіргі уақытта мәдениет құрылысында пайда болған мәселелерді шешу.

Мәдениет саласындағы реформаның басты міндеттері ретінде пленум мыналарды ұсынды:

- мәдениет реформасын дамытуда бірте-бірте ынталандырудың маңыздылығы мен өзектілігін түсінуді тереңдету;

- өзегі социализм болып табылатын құндылықтар жүйесін құруды күшейту, партияның, мемлекеттің бірлігі мен ұлттық бірлік үшін күрестегі ортақ идеология мен мораль базасын нығайту;

- мәдени шығармашылық өндірісті жандандыру, халықтың рухани және мәдени сұранысын барынша қанағаттандыру;

- мәдениет пен мәдениет өндірісінің дамуын жеделдету, Қытайдың жалпы мәдени күштерін көтеру;

- мәдениеттің жүйелері мен тетіктерін жетілдіру, мәдени дамудың қуаты мен қарқынын күшейту;

- мәдениет саласындағы мамандарды дайындау деңгейін елеулі арттыру, бұл мамандар шоғырын елеулі кеңейту;

- партия тарапынан мәдениет жұмысын басқаруды күшейту және өзгерту.

Мәдениет реформасының мақсаттары мен олардан күтілетін нәтижелер

Мәдениет саласындағы реформаның басты стратегиялық мақсаты – 2020 жылға қарай құрамында мәдени, экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық және өркениеттік құрылыс үйлесім тапқан, социалистік мәдениеттегі қуатты держава құру.

Бұдан тыс, Қарар бойынша, «мәдениет саласындағы реформаны дамыту үшін күрес» нәтижесінде келесі межелерге қол жеткізілуі тиіс:

- өзегі социализм болып табылатын құндылықтар жүйесін құру, идеология мен моральдың жақсаруы, дәстүрлер мен салттардың бірте-бірте көтерілуі, азаматтардың ождандалығын арттыру;

- мәдениет өнімдерінің байлығын арттыру, тұрғындардың сұранысына жауап беретін елеулі өнімдердің тұрақты пайда болуы;

- мәдениеттің жан-жақты дамуы, тең құқылық пен жалпы қолжетімдік ұстанымдарымен жұмыс істейтін қоғамдық мәдени қызмет көрсету жүйесі үшін негіз қалау;

- мәдениет өндірісін ұлттық экономиканың басты құрамдарының біріне айналдыру, мәдениеттің қуаттылығы мен оның халықаралық бәсекелестігін арттыру; меншіктің қоғамдық түрі негізгі, бірақ сонымен бір мезгілде жекеменшіктік түрдегі мәдениет кәсіпорындары да жан-жақты дамиды;

- мәдениетті басқару жүйесі мен мәдени өнімдерді бақылау тетіктерін құру, олар тиімді және саналуан бола түседі; ұлттық мәдениетке басты назар аудара отырып, шетелдік мәдениеттің озық жетістіктерін тарту қажет, мәдени ашықтық пен қытай мәдениетінің әлемге шығу тетіктерін ұдайы жетілдіру;

- мәдениет жұмыскерлерінің отрядтарын кең дамыту және олардың сапасын арттыру, мәдениеттің дамуы мен гүлденуіне ықпал ететін мамандардың әлеуетін күшейтуге кепілдік жасау.

2017 жылы 18 қазанда басталған Қытай коммунистік партиясының ХІХ құрылтайында Си Цзиньпиннің «Жаңа дәуірдегі қытайша социализм» идеясы жетекші болып танылды, сондақ партия жарғысына енгізілді. «Жаңа дәуірдегі қытайша социализм идеясы» – партия басшылығы табандылық таныта отырып, бастапқы мақсатты ұмытпай, борышты еске мықты ұстау арқылы, қытайша социализмнің ұлы туын биік көтеріп, орташа дәулетті қоғам құруды; Қытайды жаңғырған, құдіретті, бай, көркем елге айналдыруды; жаңа дәуірдегі социализмнің ұлы жеңісіне қол жеткізуді көздейді (5). Қытай басшысы артта қалған бес жылды саралай келе, мынадай баға берді: «Идеялық-мәдени құрылыста елеулі ілгерушілік орын алды. Идеологиялық жұмыста партия басшылығы нығая түсті, партиялық теориялық инновациялар жан-жақты дамыды. Идеология саласында марксизмнің жетекші жағдайы ашық әрі айқын белгіленді. Қытайлық ерекшелігі бар социализм мен қытай арманы адамдардың санасынан терең орын алды. Социализмнің басты құндылықтары мен қытайлық дәстүрлі мәдениеттің ең үздік жетістіктері кең ауқымда тарады, рухани мәдениеттің дамуына мақсатталған бұқаралық іс-шаралар түпкілікті жүргізілді. Мәдениет саласында қоғамдық қызмет көрсету деңгейі үздіксіз көтерілді. Әдебиет пен өнер гүлденуін жалғастырды, бүкіл мәдениет саласы мен мәдениет өндірісі қызу дамуға ие болды. Интернеттің дамуы, оны басқару және пайдалану үздіксіз жақсартылды. Жер-жердің бәрінде денсаулықты нығайту бойынша жалпыхалықтық шаралар өткізілді, кәсіби спорт жан-жақты дамыды. Басты ұран – айбынды, ал қоғамдағы жағымды энергия – барынша қуатты бола түсіп, біздің өз мәдениетімізге сенімділігіміз жарқын көрініс тапты. Қытайдың «жұмсақ күшінің» ықпалы мен қытай мәдениетінің әсері едәуір өсті, партия мен қоғамның идеялық ауызбіршілігі мен бірлігі берік бола түсті». Төрағаның ойынша: «Өзіндік мәдениет-

ке сенімділік мемлекет пен ұлттың дамуындағы басты, барынша терең әрі тұрақты күш болып табылады. Марксизмді ұдайы қолдап, коммунизмнің жоғарғы идеалын және қытайлық ерекшелігі бар социализмнің жалпы идеалын табанды қорғай отырып, тәжірибеге социализмнің негізгі құндылықтарын әдетке айналдыру және енгізу қажет, идеология саласында белсенділік пен мен шешуші құқықты қолда ұстау әлеуетін үздіксіз арттыру керек. Қытайлық дәстүрлі мәдениеттің ең тәуір жетістіктерін шығармашылық енгізу мен инновациялық дамытуды арттыру, революциялық мәдениетті мұралану, алдыңғы қатарлы социалистік мәдениетті дамыту қажет. Өзіндік түп-тамырды ұмытпай, өзгенікің игеріп және болашаққа бағдар ұстай отырып, қытайлық рух пен қытай күшін белсенді арттыру керек, халыққа рухани бағдар бола білетін қытайлық құндылық түсініктерді қалыптастыру қажет» (6).

Мәдениет – бұл ел мен ұлттың жаны. Мәдениеттің дамуы елдің гүлденуін білдірсе, мәдени күш – ұлттың қуаттылығын білдіреді. Өзіндік мәдениетке берік сенімділік болмаса, мәдениеттің көркеюі мен гүлденуі орын алмайынша қытай ұлтының ұлы қайта өркендеуі туралы айтуға да келмейді. Социалистік мәдени держава құру мақсатында қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениетті дамыту жолымен берік алға басу қажет, мәдениет саласында бүкіл ұлттың инновациялық және шығармашылық энергиясын ояту керек.

Қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениеттің қайнар көзі – қытай өркениетінің бес мың жылдан астам тарихы бойында қалыптасқан Қытайдың көрнекті дәстүрлі мәдениеті. Ол революциялар, саяси құрылыс пен реформалар барысында партия басшылығымен қытай халқы жасаған революциялық және алдыңғы қатарлы социалистік мәдениетке кірігіп кеткен, қытайлық ерекшелігі бар социализм тәжірибесінде берік орын тепкен. Қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениеттің дамуы дегеніміз – марксизмді басшылыққа алып, қытай мәдениетін сақтау ұстанымын берік ұстана отырып, заманауи Қытайдың реалыяларын ескеріп, осы дәуірдің шарт-жағдайларымен бірлесе отырып, модернизацияға, сыртқы әлемге және болашаққа бағдарланған ұлттық, ғылыми және бұқаралық социалистік мәдениетті дамыту, социалистік рухани және материалдық мәдениеттің орайласа дамуына ықпал ету деген сөз.

Ал ол үшін не істеу қажет? Бұл жөнінде былай айтылады: «Халыққа және социализм ісіне қызмет ету ұстанымын ұстану қажет, үз-

діксіз «жүз гүл бүршік атсын, жүз мектеп бәйгеге түссін» бағытын қолдау, қытай мәдениеті үнемі жаңа жетістіктердің жарқылына бөленіп тұру үшін мәдениет пен оның инновациялық дамуының жетістіктерін енгізіп тұруды арттыру керек.

Мәдениет саласы мен мәдениет өндірісінің дамуын қалай ынталандыруға болады? ҚХР төрағасы бұл жөнінде былай деп атап көрсетті: «Әдемі өмірге апарар жолдағы халықтың жаңа үміттерін қанағаттандыру үшін оны бай рухани қорекпен толтыру қажет. Мәдениет жүйесінің реформасын тереңдету, мәдениетті басқару жүйесін жетілдіру күтіп тұр және ең алдымен әлеуметтік тиімділікке және әлеуметтік және экономикалық тиімділіктерді біртұтас біріктіруге бағытталған институттар мен механизмдерді жедел қарқынмен құру қажет. Мәдениет саласындағы қоғамдық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, халық игілігіне бағытталған мәдениет даму бағдарламаларын жан-жақты жүзеге асыру, бұқаралық мәдени шараларды түрлендіру қажет. Мәдени ескерткіштерді қорғау мен пайдалану және мәдени мұраны қорғау мен жеткізу бойынша жұмыстардың қарқынын арттыру керек. Заманауи мәдени өндірістер жүйесі мен мәдениет нарығы жүйесін салауаттандыру, өндірістік және шаруашылық механизмдеріне жаңашылдықтар енгізу, мәдениет саласындағы экономикалық саясатты жетілдіру, мәдениет бизнесінің жаңа түрлерін айналымға енгізу. Денсаулықты нығайту бойынша бүкілхалықтық шараларды кеңінен қанат жайғызу, Қытайды спорттық державаға айналдыру. Пекинде өтетін қысқы Олимпиада және Параолимпиада ойындарына лайықты деңгейде дайындалу» (7).

Қытай мәдениетін сақтап қалу және өзгерлердің тәжірибесін қабылдау ұстанымын берік қолдай отырып, шет елдермен гуманитарлық алмасуларды нығайту. Халықаралық коммуникациялар саласында әлеуеттерді арттыру, қытай өмірін ұлағатты насихаттай алу, Қытайды шынайы, кең көлемде және жан-жақты ашып көрсету, қытайлық мәдени «жұмсақ күшті» арттыра түсу өте маңызды.

Си Цзиньпин өз баяндамасында алдағы бес жылда елдің «қытайлық ерекшелігі бар социализм» идеясының 14 негізгі принципі бойынша дамитынын мәлімдеді. ҚХР төрағасы ол принциптер арасында «барлық салада партия жетекші рөл атқару» қажеттігі басты орында тұрғанын атап өтті: «Өзінің құрылған уақытынан бастап, Қытай коммунистік партиясы қытай мәдениетінің белсенді ілгерілетушісі және

оны алып жүруші ғана емес, сондай-ақ көрнекті қытайлық дәстүрлі мәдениеттің сенімді мұрагері мен жалғастырушысы болып келе жатыр. Қазіргі заманғы қытай коммунистері мен қытай халқы өз жауапкершіліктеріне жаңа мәдени миссияны алуға, жасампаздық тәжірибеде мәдениетті құруға және тарихи прогресте мәдени прогреске жетуге міндетті және қабілетті».

Жаңа тарихи деңгейде тұрып, ҚКП-ның XIX құрылтайының социалистік модернизация құрылысы жөнінде жаңа стратегиялық орналастырулар жасауы, сондай-ақ «бесті бір тұлғаландыру» жалпы тұлғалық орналастыруы бойынша Қытайша социализм істерін ілгерілетуді айқын тұрақтандыруы, экономика, саяси, мәдениет, қоғам, экологиялық өркениет сынды 5 жақтан жаңа дәуірде «бесті бір тұлғаландыру» жалпы тұлғалық орналастыруын бір тұтас жоспарлап ілгерілетудің стратегиялық нысанасын белгілеуі – жаңа дәуірде Қытайша социализм істерін ілгерілетудің бағдар картасы, адамды жаппай дамытуды, қоғамды жаппай алға бастыруды анағұрлым ойдағыдай ілгерілетудің міндеттемесі. Жаңа дәуірде «бесті бір тұлғаландыру» жалпы тұлғалық орналастыруын былай деп қарастыруға болады: біртұтас жоспарлап ілгерілету – органикалық тұтас тұлға, экономикалық құрылыс – арқау, саяси құрылыс – кепілдік, мәдениет құрылысы – жантамыр, қоғамдық құрылыс – шарт-жағдай, экологиялық құрылыс – негіз (Қабылұлы, 2017: 1).

Қорытынды

Қорытындылап айтар болсақ, мәдениет – бір елдің, бір ұлттың жаны. Мәдениет көркейсе – ел көркейеді, мәдениет күшейсе – ұлт күшейеді. Мәдениеттің қоғам дамуы барысындағы атқаратын рөліне қарасақ, ол қоғамдық болмысты ғана бейнелеп қана қоймай, жалпы қоғам дамуының беталысына ықпал жасайды. Қоғамдық қатынастарды реттейді. Ол ұлтаралық, еларалық қатынастардағы ішкі ынтымақ пен береке-бірлікке аса зор ықпал көрсетіп, адамдардың жасампаздық, бәсекелік қуатын арттырып, қоғамның жарасымды дамуын жебейтін ішкі қозғаушы күш. ҚКП-ның XIX құрылтайындағы баяндамаларда мәдениет жөніндегі сенімді бекемдеу, социалистік мәдениеттің гүлденіп көркеюіне қолдау білдіру ерекше атап көрсетілді. Жаңа кезеңдегі дөңгелек дәулетті қоғам, гүлденген әрі құдіретті ел құру жолындағы атқарылатын іс-шараларда Қытай мәдениетінің алатын орны үлкен маңызға ие.

Әдебиеттер

- Алдабек Н., Түргенбай А. Қытай мәдениетінің тарихы. –Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2011. 118-б.
Қастер Сарқытқан. Қытай Халық Республикасы шаруашылығының қалыптасуы мен дамуының экономикалық-географиялық тұжырымдамасы (электронды ресурс) // <https://yvision.kz/post/393460> (14.01.2014.)
Цай Ву. Реформа жасап есік ашқан 30 жылда Қытай мәдениетінің дамуы. - Бейжің: «Шетел тілі» баспасы, 2009. 38-б.
Керімбаев Е.Ә. Қытайдың әлемге мәдени ықпалдастық саясаты. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 1(09)
Ахметұлы Бейсен. Ши Жинпин Қытайдың жаңа саяси бағдарын жариялады (электронды ресурс) // <https://informburo.kz/kaz/shi-zhinpi-ytaydy-zhaa-sayasi-baytyn-zhariyalady.html>(24.10.2017.)
http://russian.news.cn/2017-11/03/c_136726299.htm
Жэньмин жибао. 03.11.2017. 1-бет.
Қабылұлы Нұрболат. Шинхуа агенттігінің 2-қарашада Бейжіңнен берген хабары. // Шинжяң газеті. - 2017,4 қараша

References

- N.Aldabek, A.Turgenbay. Kitay madenietinin tarihe. –Almaty: «Kazah universiteti», 2011.118-b
Kaster Sarkythan. Kitay Halyk Respublikasi sharuashuliginin kaliptasui men damuinin ekonomikalik-geografialik tuzhiim-damasi (elektrondi resurs) // <https://yvision.kz/post/393460> (14.01.2014.)
Cai Vu. Reforma zhasap esik ashcan 30 zhilda Kitay madenietinin damui. - Beijin: «Shetel tili», 2009. 38-b.
Kerimbayev E.A. Kitaydin alemge madeni ikpaldastyk sayasati. // Elektronni nauchnyi zhurnal «edu.e-history.kz» № 1(09)
Ahmetuly Beisen. Kitaydin zhana sayzsi bagdarin zharialadi (elektrondi resurs) // <https://informburo.kz/kaz/shi-zhinpi-ytaydy-zhaa-sayasi-baytyn-zhariyalady.html> (24.10.2017.)
http://russian.news.cn/2017-11/03/c_136726299.htm
Zhenminjibao. 03.11.2017. 1-b.
Kabiluly Nurbolat. Sinhua agenttiginin 2-karashada Beijinnen Bergen habari. // Sinjaing gazeti. -2017,4 karasha.